2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 8 толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 18.04.2000 ж. N 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 мамырда тіркелді . Тіркеу N 1140. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

----------Бұйрықтан үзінді----------

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

Министр

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 бұйрығына қосымша

Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрық тізбесі

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 184 (тіркелген N 1140) "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 8 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" бұйрығына мынандай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"13.9.105.68 Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"13.9.105.71 Аймақтардың республикалық маңызы бар шараларға қатысуы";

"12.1.274.39 Елді мекендер аумағындағы жолдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"12.1.274.46 Қалалық көлікті дамыту".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК